

Ерік және еріктің дамуы.

Жоспар:

- Ерік туралы жалпы ұғым.*
- Еріктік амалды талдау.*
- Ерік сапалары.*

Ерік дегеніміз не?

*Ерік дегеніміз - адамның өз
мінез – құлқын меңгере алу
қабілеті.*

Ерік қимылдарының белгілі бір себепке байланысты пайда болатындығын эксперименттік зерттеулер жүргізіп дәлелдеген ғалымдар:

И.М.Сеченов

И.П.Павлов

И.М.Сеченов:

« Кәдімгі ырықты деп аталатын барлық саналы қозғалыстарымызды бейнелеу мағынасында ұғыну керек....». « Адамның кез келген қимылдарының алғашқы себебі одан тыс болады» деп еріктің сыртқы ортадан тәуелділігін және ол ми қызметінің нәтижесі екендігін көрсеткен болатын.

И.П.Павлов

« ... еріктік қозғалыстың механизімі жоғары нерв қызметінің барлық заңына бағытталатын шартты ассоциациятивтік процесс» деп ерікті мидың уақытша байланыстар принциптерінің заңына орайлас түіндірді.

*Сергіту
сәті*

*Еріктің
амалдары:*

```
graph TD; A([Еріктің амалдары:]); A --> B[Тілек]; A --> C[Қалау];
```

Тілек

Қалау

*Тілек дегеніміз
не?*

*Тілек дегеніміз - келешекте
істейтін ісімізді ойға бекуі.*

*Қалау дегеніміз
не?*

*Қалау дегеніміз – мақсаттың
айқындығы, оған жеткізетін
тиісті жоспардың жасалуы,
ойдың бекемдігі.*

Еріктің сапалары:

```
graph TD; A([Еріктің сапалары:]); A --> B[Еріктің күшіне]; A --> C[Адамгершілік сымды ерік қимылының сапаларына]; A --> D[Еріктің адамның дербестігінен байқалатын сапаларына];
```

Еріктің күшіне

Адамгершілік сымды ерік қимылының сапаларына

Еріктің адамның дербестігінен байқалатын сапаларына

*Еріктің
күшіне*

```
graph LR; A[Еріктің күшіне] --> B[Тоқтамға келгіштік;]; A --> C[Кедергілерді жеңе алу;]; A --> D[Өзін-өзі меңгере алу;]; A --> E[Батылдық;]; A --> F[Шыдамдылық;];
```

Тоқтамға келгіштік;

Кедергілерді жеңе алу;

Өзін-өзі меңгере алу;

Батылдық;

Шыдамдылық;

*Адамгершілік
сиымды ерік
қимылының
сапаларына*



*Жеке мүддені ұжым еркіне,
қоғам мүддесіне бағындыра алуда
көрінетін ерік сапалары;*

*Еріктің
адамның
дербестігінен
байқалатын
сапаларына*

инициатива;

принциптілік;

тәртіптілік;

жинақылық;

Тест: «Ерікті адамсыз ба?»

Интерпретация:

Жоқ- 0 ұнай

Иә- 2 ұнай

Білмеймін, анда-санда- 1 ұнай

Жауабы:

0-12 ұнай: Сіздің ерік күшіңіз төмен. Сіз өзіңізге жеңіл және көңілді, ұнамды жағдай жасайсыз, бірақ бұл ұзаққа бармайды және бұл әр түрлі жағымсыз себептерге себе.

13-21 ұнай: Сіздің ерік күшіңіз орташа. Егер біреумен ренжіскен жағдайда, тезірек достасуға асығасыз. Бірақ бір рет шыққанда осы жағдайды пайдалануға тырысыңыз. Еріксіз жағдайда өзіңізге артық міндет артпаңыз.

20-30 ұнай: Ерік- күшіңіз өте жақсы. Сізге сенуге болады және сіз алдап кетпейсіз. Кейбір кезде сіздің тұрақты шешіміңіз бір қорытындыға келе алмайды.

Сабақты қорытындылау

Тест жұмысы:

1.Ерік деген не?

А. Адамға күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер мен эмоциялар.

В. Ойланып істелетін, алға мақсат қоюды қажет ететін, кедергілерді жеңе білуден көрінетін қимыл-қозғалыстар.

С. Субъективтік образдардан қайтадан жаңғырып, бейнелеуде көрінетін психикалық процесс.

2. Қозғалыс анализаторын құрайтын жүйке талшықтарын қалай атайды?

- A. Пирамидалық жол.
- B. Ретикулярлық формация.
- C. Рефлекс.

3. Келешекте істейтін істің ойға бекуі?

A. Қалау.

B. Құмарлық.

C. Тілек.

4. Мақсаттың айындығы, оған жеткізетін тиісті жолдардың жасалуы, ойдың бекемдігі не деп аталады?

- A. Арман
- B. Қалау
- C. Мақсат

5. Тілек пен қалаудың арасында үйлеспеушіліктің тууы психологияда қалай аталады?

А. Мотивтер күресі

В. Гармония

С. Дискомфорт

6. Мақсат қою, тілек, қалау, мотивтер күресі тоқтамға келу, бәрі қосылып еріктік қимылдың қандай кезеңін қалыптастырады?

- A. Соңғы кезеңі.
- B. Даярлық кезеңі.
- C. Алғашқы кезең.

7. Адамның оқыс қимыл- қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, бос күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті?

A. Тоқтамға келгіштік.

B. Табандылық.

C. Ұстамдылық.

8. Адамның өз қимыл- қозғалыс, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті?

A. Ұстамдылық.

B. Тәртіптілік.

C. Тоқтамға келгіштік.

9. Алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, адамгершілік рухы жоғары аданың ғана қолынан келетін қасиет?

- A. Ерлік
- B. Ерік
- C. Мақсат

10. Адамның небір қиын- қыстау кезеңдерге қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілеттің болуы?

A. Ұстамдылық

B. Ерік

C. Тоқтамғ келгіштік